

Ниязгулова А. Акпанбетова А.

**Орталық Азияның медиа-
кеңістігіндегі мәселелер:
жаңа медианың ақпарат
таратудағы қызметі**

Niyazgulova A.,
Akpanbetova A.

**Issues on Central Asian
media sphere:
the Information distribution
activity of new media**

Ниязгулова А.,
Акпанбетова А.

**Проблемы медиасферы
Центральной Азии:
роль новых медиа в распреде-
лении информации**

Мақалада Орталық Азиядағы жаңа медианың дамуы, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары және жаңа медианың маңызы, көршілес елдердің ақпарат алмасудағы өзара байланыстары, сонымен қатар ақпараттардың аудиторияға тікелей әсері қарастырылады.

Түйін сөздер: жаңа медиа, онлайн журналистика, әлеуметтік желілер, заманауи технологиялар.

In this article considered the development of new media in Central Asia, the importance of traditional media and new media, also a direct impact the information on the audience.

Key words: new media, online journalism, , social networks and modern technologies.

В статье рассматривается история развития и практика новых медиа Центральной Азии, изучается важность традиционных СМИ, непосредственное влияние новых медиа на информационную картину и аудиторию.

Ключевые слова: новые медиа, интернет-журналистика, социальные сети и новые технологии.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ МЕДИА-КЕҢІСТІГІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР: ЖАҢА МЕДИАНЫҢ АҚПАРАТ ТАРАТУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Орталық Азияның медиа саласы мемлекеттер ішінде саяси, экономикалық немесе ақпараттық қызмет сияқты функцияны атқаратын дәстүрлі ақпарат құралдарындағы мәліметтерді жаңа медианың өнімі – интернет арқылы тұтынатын аудиторияның қалыптасуы нәтижесінде дамып келеді. Медиа кеңістікте интернет ақпарат алмасатын бірден-бір тиімді орта болғандықтан, бұл өз кезегінде медианарыққа белгілі дәрежеде әсер-ықпалын тигізбей қоймайды.

Орталық Азияның медиа-кеңістігіндегі бұқаралық ақпарат құралдары бір-бірімен тығыз байланыста осы елдердің демократиялық жолын айқындап, әлеуметтік қоғам және мүдделес мемлекеттермен байланысын нығайтуға салмақты үлес қосуда. Орталық Азияның медиа саласы да өз ішіне қамтитын аудиториясын деректі ақпараттармен, басылымдардағы әр елдің дәстүрі және ұлттық құндылықтарын насихаттайтын мақалалармен, сандық телевизияның көмегімен халыққа жылдам жететін радио және телевидение бағдарламаларымен көркемделіп, кері байланыс арқылы оқырман немесе көрермендердің өзіндік пікірімен де үйлесімді бағыт ұстануда. Жаһандық ортада интернеттің үздіксіз таралуы және әлеуметтік желілердегі контенттердің әртүрлі форматта кеңінен белең алуы, жалпы қазіргі заманда контентті реттеу мәселесі де медиа саласының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Интернеттің әсерімен дамитын жаңа медиа өнімдерінде орасан зор ауқымды медиа ағынның өзіндік мәдени немесе ұлттық ерекшеліктері көрініс табады. Орталық Азия елдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдары өзіндік ерекшеліктерге ие болумен қатар, даму тұрғысынан бір-біріне белгілі дәрежеде әсер етеді. Сондықтан Орталық Азияның медиа саласының дамуы бір мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы тұрғысынан ғана емес, керісінше, осы елдер медиасының жалпы дамуы тұрғысынан талдап, жүйелі зерттеп қарастырған жөн. Алайда жалпы көрсеткіштер немесе жетістіктер жеке бір мемлекет ақпарат құралдарының қызметінен жинақталатынын ескерсек, Орталық Азия елдеріндегі медиа мәселесіне жеке талдау арқылы жалпы түйін жасаған жөн.

Өзбекстандағы ЮНЕСКО өкілі Майкл Барри Лейннің айтуынша, аймақты ортақ түсінік, ортақ тіл, ортақ тарихи-

мәдени өмір, ортақ сауда жолдары біріктіреді. Тәуелсіздік бұл елдерге экономикалық қалпына келу мен тарихи байланыстарды қайта орнату арқылы аймақтық интеграция мен ынтымақтасу үшін үлкен мүмкіндік беріп отыр [1].

Тәжікстандағы медиа саласының дамуы туралы айтқанда, халықтың көпшілігі үшін радио және теледидардағы ақпарат ең маңызды ақпарат көзі болып табылады. БАҚ-тың қызметіне орай, 2006 жылдан елде алты мемлекеттік және 18 жеке телевидение стансалары пайдаланыла бастады. Мемлекеттік заң коммерциялық БАҚ-тардың хабар таратуында тіркеуді талап еткенімен, аймақта кейбір лицензиясыз стансалары да жұмыс істейді. Тәжікстанда мемлекеттік тілмен қатар дамыған парсы, орыс, тәжік, және өзбек тіліндегі радиостансалар да хабар таратады.

Тәжікстанда ең көп оқылатын газеттер арасында “Jumhuriyat”, “Халқ овози”, “Kurer Tadjikistana”, “Sadoi mardum”, “[Tojikiston](#)” басылымдары ақпарат алаңында басым мәнге ие. Ал мұнда төрт отандық ақпараттық агенттіктер және бір орыс агенттігі (РИА Новости) жұмыс істейді. Тәжікстанда жалпы 16 радиостанса жұмыс істегенімен, он радиостансаның ғана хабар тарату қызметі жоғары. 2012 жылдан 24 лицензияланған теледидар хабар тарату стансалары өз қызметін бастаған, алайда соның 15-і ғана хабар таратуда белсендірек. Елде интернет пайдаланушылардың саны баяу өсті. Дегенмен техниканың дамуына байланысты тәжікстандық интернет пайдаланушылары саны күн сайын артып келеді. Тәжікстанның ғаламтордағы ел коды .tj болып табылады [2].

Тәжікстан медиа нарықтың өзінің қалыптасу сатысында тұр және негізінен ол баспа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрініс тапты. Олардың санының өсуі жалғасқанымен халықтың сатып алу деңгейімен сәйкес келмейді, бұл өз кезегінде газеттің жазылымына өз әсерін тигізеді. Соңғы жылдары басылымдардың саны артып келеді, бұған дәлел ретінде елдегі үш жүзден астам газет-журналдарды айтуға болады. Дегенмен отызға жуық газеттер ғана мемлекеттік және коммерциялық нарықта басым. Бұқаралық ақпарат құралдарын қалыптастыру – елдің нарықтық-экономикалық жағдайларына байланысты.

Соңғы жылдары бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған елдер арасынан Қазақстаннан басқа мемлекеттер ақпараттық қауіпсіздікке қатты мән бере бастады. Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан ресейлік газет-журналдардың жергілікті өкілдерін жауып, орыс теле-

радиоарналардың ретрансляциясына шек қойып отыр. Тәжікстан болса, Ресейден таралатын арналарды түгелдей жауып, тек орыс тілінде бір ғана телеарнаны қалдырып отыр. Оның телехабарларын тәжік журналистері өздері дайындайды екен [3].

Өзбекстан медиасы да тәуелсіздік жылдарында өзінің дербес жолын тауып, бағыты мен бағдары өзгеріп, жаңа қырымен танылып келеді. Өзбек журналистикасын жан-жақты дамытуды көздейтін Ұлттық Баспасөз Орталығы, Өзбекстан Журналистер шығармашылық ассоциациясы, Тәуелсіз БАҚ-ты қолдап-қуаттайтын Қоғамдық Қор және Өзбекстан Ақпараттық Агенттігі, Электрондық БАҚ Ұлттық Ассоциациясы елдегі медиа саласының рөлін күшейтуге, оның болашағы мен бағытын айқындауға, ақпараттық қоғамдағы медианың мүмкіншіліктерін жетілдіруге басым мән береді. Мемлекетте Журналистік қызмет пен кең ауқымды медианың дамуына арналған “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы”, “Журналистік қызметті қорғау туралы”, “Жарнама туралы” тағы басқа да заңдардың негізінде баспасөз бостандығы мен ақпарат тарату қызметін күшейту, журналистік қызметті қолдап-қуаттау мәселелерін іс жүзіне асыру мақсаты айқындалған.

Өзбекстан медиасын өңірдегі баспасөз, телевидение және радио саласындағы жүйелі жұмыстармен, сонымен қатар интернет журналистикасының, сайттар мен блог-тұғырлардың, әлеуметтік желілердің кең аудиторияға ақпарат таратуымен жан-жақты түсіндіруге болады. “Халқ сузи”, “Маръифат”, “Правда Востока”, “Узбекстан овози”, “Народное слово” сонымен қатар, қазақ тілінде “Нұрлы жол”, тәжік тілінде “Овози тожик”, ағылшын тілінде “Uzbekistan Today” тағы басқа газеттері арқылы халыққа елдегі немесе елден тыс жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жайлы ақпарат таратылады. Телевидениесі туралы сөз болғанда, аймақта “Узбекстан”, “Ешлар”, “Спорт”, “Тошкент” телеарналары маңызды саналады. “ӨзА”, “Туркистон-пресс” және “Жахон” ақпараттық агенттіктері жұмыс істейді. Республикалық “Узбекстан”, “Машғал” “Ешлар”, “Ташкент” радиолары үздіксіз хабар таратады. Радиоканалдарда орыс, тәжік, қазақ, ұйғыр, қырғыз, татар, тағы басқа тілдерде хабарларды тарату жақсы жолға қойылған. [4].

Соңғы кезде Орталық Азияда интернет-пайдаланушылар санының өсуіне байланысты интернет басылымдардың саны көбеюде. Олардың басым көпшілігі қоғамдық-саяси бағытқа

қарағанда, ақпараттық, ойын-сауықтық бағытты ұстанады. Орталық Азия және одан тысқары жерлердегі жағдай туралы талдамалық материалдар және жаңалықтарды жинап, таратумен айналысатын интернет-ресурстардың танымалдығы үдей түсті. Осыған байланысты аймақта танымал блогерлер қатарының көбейгенін де көруге болады.

Геоаймақта беделі мықты, медиа кеңістікте маңызды ақпарат тарататын ел Қазақстанда үш мыңнан астам бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Медианарықта үлесі басым 200-ден астам электронды ақпарат құралдарының қызметі күшейген. Масс-медиа негізінен ірі қалаларда – Астанада, Алматыда және облыс орталықтарында жинақталған. Қазақстандағы медианарықты қыздыратын меншік иелері – коммерциялық корпорациялар, қаржылық-өндірістік топтар, ал аймақтарда – ірі және орта деңгейдегі кәсіпкерлер. Медиа-холдингтерге мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары да біріккен (“Арна медиа” холдингі – “Хабар”, “Ел арна”, “Қазақстан”, CaspioNet телеарналары, “Қазақ радиосы”, “Хабар”, “Шалқар” радиостансалары, “Егемен Қазақстан” “Қазақстанская правда” газеттері, “Қазинформ” ақпараттық агенттігі және басқалар) “және “Нұр Отан” партиясы иелік ететін БАҚ бар. (“Астана” телеарнасы, NS және РДВ радиостансалары, “Айқын”, “Түркістан”, т.б). [5].

Қазіргі таңда Орталық Азиядағы медианарықта, баспасөз қызметінде интернет желісін тиімді пайдалануда. Өйткені Орталық Азия медиасындағы басым аудитория Республикалық деңгейдегі телеарналардың өнімдерімен де, таралымы кең газеттердің PDF нұсқаларымен де ғаламдық желі арқылы танысу мүмкіндігіне ие болуда. Мемлекеттерде телеарналар немесе газеттердің де өз веб-сайттары ақпаратты ғаламтор арқылы қабылдаушылардың назарында. Бүгінде Орталық Азиядағы медианың дамуында баспагерлер мен редакторлардың жаһандық желіні тиімді пайдалана білуі аса маңызды, өйткені қай кезде болмасын оқырманның сұранысы бойынша, қажетті әрі сапалы ақпаратты бере білу – оқырманды сақтап қалудың жалғыз амалы. Оған қоса, он-лайн жазылу жалақысы да жоғары емес, журналистер қауымының қосымша табыс көзіне де айналуына мүмкіндік бар.

Орталық Азия медиасында маңызды Түрікменстандық бұқаралық ақпарат құралдары сол елдің мемлекеттік бақылауында. Түрікменстан 7 қоғамдық телеарналар арқылы

хабар таратады, олардың барлығы Түркімен тілінде. “AltynAsyr” – елдің басты арнасы. “Yashlyk” – жастарға арналған, “Miras” түркімен халқының мәдениеті мен мұрасы туралы арна, “Türkmenistan” – жеті тілде хабар таратады. Сонымен қатар “TürkmenOwazy”, “Ashgabat”, “Turkmenistan Sport” телеарналары жұмыс істейді. Бағдарламаларының мазмұны мен сапасында ұқсастық мол. Телеарналарда ұлттық өндірілген, ақпараттық және ойын-сауықтық бағдарламалар мен фильмдер, түрікмен спортшылардың қатысуымен өткен спорттық іс-шаралар көрсетіледі. Республикада төрт радиостанса бар, елде ешқандай жергілікті немесе аймақтық радиостансалар жоқ. Түрікменстанда мемлекет бақылайтын медиа және байланыс жүйелерінің мониторингі қалыптасқан [6].

Қырғызстан аймақтағы көрші елдермен салыстырғанда, медиа бостандығымен тәжірибесі үлкен. Таулы аймақ болғанына қарамастан Қырғыз мемлекеттік телерадиокешені барлық арналардан жоғары деңгейлі хабар жүргізеді. «1 арна» бағдарламаларында жаңалықтар, әртүрлі хабарлар, сондай-ақ, үкіметтік болғанына қарамастан сыни ток-шоулар да беріліп тұрады. Ал халықаралық хабарлардың деңгейі аз. Бағдарламаның 70 пайызы қырғыз тілінде. Елде сонымен қатар “Пятый канал”, “Пирамида”, “Kyrgyz Public” сияқты коммерциялық телеарналар жұмыс істейді. Радиобағдарламалар 5 каналдан беріледі. Негізгі радиоканал «Радио-1» жоғары деңгейдегі кәсіпкерлікке ие. «Радио Пирамида» – жекеменшік радиостанса. Жергілікті жердің жаңалықтары беріледі. Кәсіпкерлік деңгейі өте жоғары дамыған. Радио ЮНЕСКО-ның грантын да иелеген. «Алмаз Радио» – жекеменшік радиостансасында халықаралық жаңалықтар беріледі. [7].

Орталық Азия елдері әлі буыны қатаймаған, толық жетілмеген, әлі күнге өз даму жолын іздеу үстіндегі жас мемлекеттер болып саналады. Қазіргі кезеңде бұл елдер жаһандану кезеңінде түрлі қауіп-қатерлерге бірлесіп жауап беруге мүдделі. Бұл елдер интеграциясының мақсаты бірлесіп, күшейіп, өзге мәдени және этникалық топтарға қарсы шығу емес, керісінше, қазіргі күрделі ғаламдық жағдайда өзінің болмысын, мәдениетін, тілін сақтап қалу үшін ортақ мәдени-ақпараттық кеңестік құру.

Ортақ ақпараттық кеңістіктің жоқтығы себепті, Орталық Азия халықтары бір-бірінен алыстап бара жатыр. Осыған орай, елдегі халықтар мен мемлекеттерін біріктіретін ортақ идеологиялық, тарихи, мәдени және

философиялық негіздерді анықтау арқылы қалыптасу қажет [8].

Қазіргі таңда Орталық Азиядағы медиа саласының дамуында, журналистикасында әлі жан-жақты зерттеуді қажет ететін, шешімін күтіп тұрған түйінді мәселелерді талдау, сол бағытта ғылыми еңбектер жазу біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың негізгі нысанына айналды. Аймақтардағы жерсеріктік

арналар арқылы аудиторияға тәулік бойы таралатын ақпарат, жаңалықтардың үздіксіздігі, қамтылатын тақырыптар мен мәселелердің күрделілігі, жаһандану әсері сияқты мәселелер алдағы ғылыми жұмысымызға негіз бола алады. Әйтсе де, Орталық Азия журналистикасының жаһандық дамуға септігі мол ғаламтор желісінде түрлі веб-сайттар, әлеуметтік желілер арқылы аудиторияға ықпал ету үрдісі жалғаса береді.

Әдебиеттер

1. Орталық Азия түркітілдес республикаларының экономикалық қарым-қатынастарындағы кейбір мәселелер/ Жүніс Қ.Ә// ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4(77) 2015.
2. Central Asia: Censorship and Control of the Internet and Other New Media/<http://www.hurights.or.jp/archives/focus/section2/2012/03/>
3. Қазақстандағы ақпараттық қауіпсіздік мәселесі: бүгінгі жағдайы және даму болашағы/ Д.Баймолда// ҚазҰУ Хабаршысы-Вестник. Журналистика сериясы. №1. (31). 2012 ж. 131 б.
4. Журналистика независимого Узбекистана / Ю.Хамдамов// Вестник Казну.Серия журналистика. №1(31). 2012. 28-31 стр.
5. “Қазақстанның экономикалық дамуындағы медиамәтіннің рөлі” / С.Құлтаева // “Ізденіс-Поиск”. Халықаралық ғылыми журнал-қосымшасы. №4. 2015 ж. 88-90 бб.
6. The EU’s approach to the development of mass media in Central Asia/ Gulnura Toralieva// <http://aei.pitt.edu/11480/1/1879.pdf>
7. The media in Central Asia: Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan/ Erik Johnson with Martha Olcott and Robert Horvits.April 1994
8. Түркітілдес республикалардың экономикалық және интеграциялық ынтымақтастығы. / Жүніс Қ.Ә. // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2(77) 2016.

References

1. Turkic-speaking Central Asian republics economic relations selected problems/ G. Zhunis.A// the Bulletin of KazNU. Series of Oriental studies. No. 4(77) 2015.
2. Central Asia: Censorship of the Internet and Other New Media and Control/ <http://www.hurights.or.jp/archives/focus/section2/2012/03/>
3. Information security in Kazakhstan: status and prospects/ D. Baimolda// ASU Habercisi-Herald. Series Journalism. No. 1. (31). 2012 131.
4. Uzbekistan independent journalism / U. Khamdamov// Vestnik KazNU.Journalism series. №1(31). 2012. 28-31 page
5. “Mediaman role in the economic development of Kazakhstan”./ S. Itaev//“Pursuit-The Search”. International research journal of. no.4. 2015 GS 88-90.
6. The EU’s approach to the development of mass media in Central Asia/ Gulnura Toralieva// <http://aei.pitt.edu/11480/1/1879.pdf>
7. Central Asia in The media: Kazakhstan, Kyrgyzstan, Uzbekistan/ Erik and Robert Johnson with Martha Olcott Horvits.April 1994
8. Economic integration of the Turkic republics. / G. Zhunis.Wives.// The Bulletin of KazNU. Series of Oriental studies. No. 2(77) 2016.